

Адилбаева Ш.

**Исламдағы хадис және
«ижтиһад» ғалымдарының
ұстанымдары (салыстырмалы
талдау)**

Табиғин кезеңінде Пайғамбарымыз бен сахабалар арасында қолданылған ойлану, пікір түйю және мәселелерді бір-бірімен салыстыра отырып елеп-екшеу мағынасында рай әрі хадисшілер тарапынан, әрі асхабур-рай деп аталған адамдар тарапынан да қолданылғандығы шындық. Соған қарамастан өзара талас-тартыстың толастамауы нәтижесінде осы пікірталастардың орталығының Хижаз бен Ирак мектебі ретінде көрініс тауып, көбіне хижаздықтар – «Хадисші», ал Ирактықтар – «Райшы» деп аталып кеткендігін байқаймыз. Мұндай екі мектептің болғаны тарихи шындық десек те, рай мен хадиске қатысты пікірталасқа негізделген мұндай классификацияның жоқ дегенде алғашқы екі ғасыр үшін дұрыс деу тым қиын. Мақалада ислам дініндегі хадисші деп аталып кеткен және ижтиһадты қолданған ғалымдар туралы қарастырылады.

Түйін сөздер: хадис, хадисшілер, ижтиһад, рай мектебі.

Adilbayeva Sh.

**The positions of the scholars of
hadith and scientists that used
ijtihad (The comparative analysis)**

The method used by the Prophet Muhammad and his sahabas' during their lifetimes is called "roy" which means "the final decision, the opinion, which could come after reflection, meditation and much effort on finding the right solution". It was also used during Taabi'een and by Hadith scholars and "Ashab-roy". However, despite this, pointing out that the debate continued, these differences resulted in the fact that the Hijaz school was related to Hadith scholars and Iraqi school - to "Ashab-roy." The existence of these two schools is a historical fact. However, this classification does not correspond to the scientific truth. In the article the Islamic scientists which are called scholars of hadith and scientists that used ijtihad are considered.

Key words: hadith, scholars of hadith , ijtihad, school of roy.

Адилбаева Ш.

**Позиции ученых хадиса и
«иджтихада» в исламе
(сравнительный анализ)**

Использованная во время Пророка Мухаммада и сподвижников методика «рай», означающая «окончательное решение, мнение, к которому удавалось прийти после размышлений, раздумий и долгих усилий по поиску правильного решения», применялась и во время табиинов и со стороны хадисоведов «асхабу-рай». Однако, несмотря на это, в результате того, что дискуссии продолжали вестись, эти разногласия вылились в тот факт, что школа Хиджаза была отнесена к хадисоведам, а школа Ирака – к «Асхабу-рай». Хотя существование этих двух школ является историческим фактом. Однако, по сути, эта классификация не соответствует научной правде. В статье рассмотрены ученые ислама, названные хадисоведами, и ученые, использовавшие иджтихад.

Ключевые слова: Хадис, хадисоведы, иджтихад, школа-рай.

**ИСЛАМДАҒЫ ХАДИС
ЖӘНЕ «ИЖТИҒАД»
ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ
ҰСТАНЫМДАРЫ
(САЛЫСТЫРМАЛЫ
ТАЛДАУ)**

Алла елшісі (с.а.с.) бақилық болғаннан кейін уахи тоқтады. Ендігі жерде діни мәселелерде тығырықтан шығар жолды көрсету сахабалардың жауапкершілігінде еді. Олардың қолында Пайғамбарымыз аманат етіп қалдырған екі қайнар көз: Құран кәрім мен Пайғамбарымыздың сүннеті болды. Қоғамдағы түйткіл мәселенің шешімін табу үшін олар алдымен Құранға жүгінетін, іздеген жауабын таба алмаса, хадистерден іздейтін еді. Ал егер туындаған мәселенің жауабы осы екеуінен де табылмаса, Құран мен хадисті негізге ала отырып, қияс (аналогия) әдісін қолданып ижтихад (діни үкім шығару) жасайтын. Бұл жайында сахаба Омар (р.а): «Құран мен сүннеттен табылмаған және жаныңа жат кез келген тосын жағдайға дайын болуымыз керек. Ойламаған жерден ойсыратып кетпес үшін алдын ала қамданып, ізденуіміз керек. Ұқсас мәселелерді таңдай білуді үйреніп, содан кейін салыстыру керек» деген [1; 83-б.]. Яғни, бұдан Құран мен хадисте жауабы берілмеген мәселелердің шешімін табу үшін сахабалардың ижтихад жасағандығын көреміз.

Сахабалардың білім деңгейі әр түрлі еді. Кейбіреулері ижтихад жасауды дұрыс деп санаса, кейбіреулері тек Құран мен хадиспен шектелуді жөн көрді. Жалпы алғанда, сахабалардың барлығы Құран мен сүннетті басшылыққа алу мәселесінде бір ауыздан келіскен. Егер қандай да бір мәселенің жауабы осы екі қайнаркөзде жоқ болса, ислам құқығын терең білетін сахабалар ижтихад жасайтын. Сахабалардың кейбіреулері хадисті Пайғамбарымыздан (с.а.с.) риуаят етсек қателесерміз деп, хадисті мейлінше аз риуаят еткен. Бұл мәселеге қатысты Имран ибн Хайсам: «Егер қаласам, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерін таңды таңға ұрып екі күн үзбей айтар едім. Бірақ, сахабалардың кейбіреулері Пайғамбарымыздан (с.а.с.) естіген хадистерін риуаят еткенде кейде араластырып, кемітіп, кейде артық сөздер қосып әңгіме етіп отырғанын көрдім. Олардың бұл айтқан хадистерін мен де естіген едім, ақиқатында олардың айтып жүргендері Алла елшісінің өз аузынан шыққандай нақты әрі анық емес болатын. Сондықтан, мен олар секілді бір жерінен болмаса бір жерінен қателесіп кетермін бе деп хадис риуаят етуден қорықтым» дейді. Сахабалар хадистерді нақтылығы мен дұрыстығына сенімді болмайынша риуаят етпеген. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Біле тұра менің атымнан

жалған айтқан адам тозақтан өзіне орын дайындай берсін» деп қатаң ескерткен-ді. Бұл жайында Әбу Амр әш-Шайбани былай дейді: «Ибн Мәсғудтың мәжілісінде отырған едім. Ибн Мәсғуд Пайғамбарымыз былай деген еді деп хадис риуаят ете бермейтін. Хадис риуаят етер кезде денесі қалтырап, даусы дірілдеп, борша-борша қара терге түсетін. Сондықтан, хадис риуаят еткеннен соң сақтық танытып, «Пайғамбарымыз (с.а.с.) осы мәндес, яки осы мағынада бір хадис айтты» [2;452-б.] дейтін. Абдулла ибн Мәсғуд қате айтып қоямын-ау деп қорыққандықтан, хадистерден емес, өз ижтиһадында қателесуді жөн көрген. Осылайша, дінге ине жасуындай да зиянын тигізгісі келмеген сахаба ижтиһад жасап пәтуа берер болса, «Бұл менің көзқарасым, егер дұрыс болса, Алладан, ал егер қате болса, өзімнен» дейтін. Егер берген пәтуасының дұрыстығын аңғартатын сахабалардың біреуінен хадис ести қалса, қуаныштан төбесі көкке жететін. Өйткені, пәтуа беруін бергенімен, оның қаншалықты шындыққа жақын екендігін ойлап, уайымдайтын. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көзін көріп, оның көркем насихатын көңілдеріне тоқығандықтан сахабалар қандай да бір ахуалға өз ойларымен (рай және ижтиһадпен) үн қатса, бағытынан жаңылмас үшін әрбір сөзін аңдап сөйлеп, асқан жауапкершілік танытатын. Егер бұл ижтиһадтарынан кейін айтқан пәтуасына сәйкес келмейтін хадис табыла қалса, өз байлауынан бас тартып, хадиске ден қоятын.

Осылайша, арасы бір-бірінен алшақ кетпеген екі топ пйда болды: Біріншісі, Пайғамбарымыздан хадис риуаят етіп, сонымен шектелуді жөн санама, екіншілері – Алла елшісінен (с.а.с.) хадис келіп жетпеген мәселелерде рай (өз ойы мен көзқарасы) мен ижтиһадқа жүгінді. Алайда, айтқан ойларына қатысты сахих хадис табыла қалса, өз көзқарастарынан бас тартып, хадиске жүгінетін [1; 83-93-б.].

Хадис пен сүннеттің мағынасына қатысты ғалымдар түрлі көзқарас айтқанымен, көбіне «Пайғамбарымыздың сөздері, іс-әрекеттері мен тақрирлары (құптауы, наразылық танытпауы)» деген пікірде түйіседі. Ал «Рай» сөзіне қатысты пікірлер әр қилы. Жалпылама алғанда, «Араб тіліндегі «роә» (көру, ойлау) етістігінен туындайтын «Рай» сөзі термин ретінде «ойланып-толғанып, дұрыс бағытты табу жолында ізденіске барғаннан кейін ғана түйген ой-пікір, көзқарас» деген мағынаны білдіреді. Ал нақты аят пен хадис кездеспейтін мәселелерде ижтиһад жасаудың негізі саналған рай мәселесіне фикһ методологиясында «шарифаттың белгілеген

жолдарынан (методтары) ауытқымай жасалған ақыл-ойға қатысты амал» деп анықтама береді. [3; 57-б.]

«Мәмдух» (сенімді, жағымды, оңды) және «Мәзмум» (жағымсыз, датталған) деп екіге бөлінген «Рай» сөзі екінші мағынасында көбірек қолданылып кеткен. Оның себебін шығыстанушы Гольдциер «Негізінен «Рай» сөзі қазіргі араб тілінде пайдалы бір мағынаны беретін бір сөз және «Жақсы, ықтиятты, дұрыс көзқарас» ретінде «Нәпсінің жетегіндегі қателікке бастайтын, пәтуасы жоқ шешім дегенге саятын «Һәуә» сөзінің антонимі. Бірақ, кейбір хадисшілер бұл терминге теріс көзқарас танытқандықтан жағымсыз жағынан қарастырылатын «Һәуә» сөзіне парпар саналып кеткен» деп түсіндіреді [4; 10-б.]. Имам Ғазали «Рай» сөзінің әрі сахих (дұрыс, оң), әрі фәсид (бұзушы, жарамсыз) мағынасын да қамтитындығын, бірақ, кейде осы «фәсид (бұзушы, жарамсыз) рай» осы «Рай» сөзінің орнына қолданылып кеткенін айтады [5; 262-б.]. Жалпы, кей дереккөздерде жағымсыз мағынада қолданылғанын, рай терминінің көп жағдайда дінді бұрмалауға апаратын адасқан топтарға арналып айтылғанын байқаймыз. Алайда, Омар ибн Хаттаб райды ең көп қолданған сахабалардың бірі еді. Тіпті оны рай мектебінің іргетасын қалаушы деп қабылдағандар да бар [6; 127-б.].

Ендігі кезекте ғалымдар түрлі пікір білдірген «Әхлур-рай» және «Әхлул-хадис» терминдеріне тоқтала кетейік. Кімнің әхлур-рай, ал кімнің әхлул-хадис екеніне де қатысты ғалымдардың пікірлері әр қилы. Хатиб Бағдади асхабул-хадиске «діни тұрғыдан барлық жақсы қасиеттерге ие болғандар» деп анықтама берсе, [7; 28-б.] Әбу Бәкір Аяш (қ. 193 һ.ж.) «басқа ғалымдармен салыстырғанда әхлул-хадис ғалымдарының орны мұсылмандардың өзге дін өкілдерімен салыстырғандағы орны секілді» деген бағасын берген. [8; 147-б.] Ибн Құтәйба әхлул-хадистің ең таңдаулы топ екенін, олардың беделінің әрқашан жоғары болғанын айтқан.

Алайда Фахруддин әр-Рази: «Адамдар имам Шафиғидан бұрын «асхабул-хадис» және «асхабур-рай» деп екіге бөлінетін. Асхабул-хадис пікірталастыруға қауқарсыз, тіпті асхабур-райға қарсы тұра алмайтын. Сондықтан, олардан дінге, Құран мен сүннетке ешқандай жәрдем келмеді. Ал асхабур-райға келсек, олар барлық күш-қуатын діни дәлелдерді айқындап жағудан гөрі, өз көзқарастарымен үкім шығару және үкімдерді жүйелеуге жұмсады» дейді. Сондай-ақ ол хадисшілер мен асхабул-хадисті екіге бө-

ліп «Хадисшілер дегеніміз тек қана хадистерді жеткізу мен оны жеткізушілердің жағдайын ғана білуге шамасы жеткендер. Олар хадистен дәлел айтып, үкім шығаруға келгенде дәрменсіз. Мұндай адамға асхабул-хадис деуге келмейді. Өйткені, бұл атау хадиске барынша байланған, кез келген сауалдарға жауап беруге шамасы жететіндерге ғана тән» дейді [7; 29-б.].

Ибн Жәузи мұхадистерді екіге бөледі. «Бірінші топ сахих пен жалған хадистің аражігін бір-бірінен ажыратып беріп, шарифатты қорғап қалуды мақсат еткендер. Міне, олар алғысқа лайық. Ал екінші топтағылар болса, олардың мақсаты бар болғаны хадистерді жинап, «ең сенімді дерек бізде» деп өздерін көрсету үшін табанынан тозғандар» дейді. Имам Зәхәби де мұндай хадисшілердің хадис риуаят етуден басқа ештеңемен айналыспағанын, ал үкім берумен айналысқандарды жақтыра қоймағандығын айтып қатаң сынайды. Тіпті, Фахруддин әр-Разидің асхабул-хадистің жетекшісі деп санаған, ізбасарлары «Насырус-сунна» (Суннаның қорғаны) деп атаған Шафигидың өзі хадисшілердің кәрінен (көре алмау, жақтырмау) құтыла алмаған көрінеді [7; 30-б.]. Осыған қатысты әс-Сыбаи былай деген: «Әбу Ханифаның көзқарасының кейбір ғалымдардың көзқарастарына қайшы келуі, яғни, көбіне хадистің астарына терең бойламай, үстірт шолып, хадисті сөзбе-сөз қайталаудан аспаған кейбір хадисшілердің көзқарастарына қайшы келуіне таң қала қараудың жөні жоқ. Өйткені, хадис жеткізушілердің арасында хадистердің мәнін терең түсіне алмайтындардың қарасы көп еді. Бұл жайында Яхия ибн Йаман: «Кейбіреулер хадисті жазуын жазып алады, бірақ, оның мағынасына терең бойлай бермейді. Егер одан алда-жалда қалыптасқан ахуалға байланысты сауал қойса, кітапқа толы құр жансыз кітапхана секілді, жапқан аузын ашпай, мелшиеді де қалады» дейді.

Осындай хадисшілердің арасында өзі жаттаған хадистерінің мән-мағынасын, оның фықһи үкімін, Құран аяттарымен және басқа да хадистермен байланысын терең талдап беруге өрелері жетпейтін топтың арасында адамның күлкісін келтіретін жағдайлар да орын алатын. Мәселен, кейбіреулер үлкен дәрет сындырғаннан кейін истинжа (сумен тазалану) жасап, дәрет алмастан үтір намазын оқитын болған. Бұның себебін сұрағанда Алла елшісінің (с.а.с.) мына хадисін дәлел ретінде айтқан: «Кімдекім таспен истинжа жасайтын болса, үтір (тақ) қылсын». Алайда, бұл хадисте тазалану үшін қолданылатын тастың (бұрынғы кезде судың

тапшылығына байланысты әжетке шыққанда тазалану үшін тас та қолданылған) саны «үтір», яғни тақ болсын деп, сөздік мағынасында айтылған. Бұл хадисте айтылатын «Үтір қылсын» дегенді ол риуаятшы үтір намазы деп түсінген. Осылайша әжетханадан шыға сала, дәрет алмастан үтір намазын оқығандар болған.

Алла елшісі (с.а.с.) бір хадисінде жұмыс уақытында басқаларға кедергі келтірмеуі үшін адамдардың бір орында топырлап, алқа болып (дөңгеленіп) жиналып отыруына тыйым салған болатын. Бұл хадисте айтылған «Халқа» сөзі екі түрлі мағынаны білдіреді: біріншісі, «жиналып отыру», екіншісі мағынасы – «қырыну». Бұл хадисте «халқа» сөзімен «дөңгеленіп жиналып отыру» меңзелген болатын. Бірақ, кейбіреулер бұл хадистегі «халқа» сөзін сөздік мағынасында түсініп, жұма намазын 40 жыл бойы қырынбай оқыған екен [9; 471-б.].

Міне, хадисшілердің арасында хадистің мағынасын осы секілді тереңінен түсіне алмайтындары бар еді. Олар Әбу Ханифаның үкім шығарудағы терең парасатын түсіне алмады. Сондықтан, Әбу Ханифа жайында теріс ойлап, оны хадистерге жеңіл қарайды деп жала жапты [9; 472-б.].

Шах Уәлиуллах Дәхләуий «Райды жалаң ақыл мен түсінік деп ұқпау қажет. Ахлур-рай дегеніміз алдыңғы буын ғалымдардың бірінің әдісіне сүйене отырып үкім шығарушылар» дейді [10; 73-47-б.].

Мұхаммед Хұдари де былай деген: «Әхлул-хадис діни қағидалар ретінде сүннетті құбыла еткендер. Олар шарифаттың қағидаларын белгілеуші Алла тағала мен оның елшісінің айтқандарының астарына, сондай-ақ мүжтәхид ғалымдардың ұстанған негіздеріне, ешқандай әдістемеге қарамайды. Шарифатта қалай айтылса (сөзбе-сөз) дәл солай орындауға тырысады. Сондықтан, қандай да бір мәселеге орай аят немесе хадис таппаса, үнсіз қалады, яғни, пәтуа бермейді. Ахлур-райға келсек, олар шарифаттың мағынасының жалпы жұртшылыққа түсінікті болуы керектігін айтады. Құран кәрімде, сүннет те қолдайтын жалпы негіздердің бар екенін қабылдайды. Ал қандай да бір мәселеге қатысты аят-хадис жоқ болса, шешімін күткен сол тақырыпқа байланысты осы негіздерге сүйене отырып үкім шығарады.» дейді [11; 200-б.].

Ибн Құтайба (ө. 270 h.) барлық мүжтәхид ғалымдарды асхабур-рай десе, тек қана риуаяттармен айналысып, фықһ саласында аты шықпағандарды мухаддис деп санаған. Ахмед ибн Ханбәлді осы екі топтың ешбі-

ріне жатқызбаған [12; 169-171-б.]. Ал басқа кітабында Ахмед ибн Ханбәлді Әбу Ханифа және оның мәзһабымен бірге асхабур-райдың тобына қосқан [13; 17].

Мақдиси болса, Ахмед ибн Ханбәл мен Исхақ ибн Рахуяны хадисшілерден десе, Имам Шафиғиды бірде асхабур-райға, бірде асхбул-хадистің қатарынан дейді. Бәйхақидың риуаяты бойынша асхабул-хадисті бес санатқа бөлуге болады. Олар: мәлікілер, шафиғилар, ханбәлилер, рахауиялар, хүзәймиялар [7; 37-38-б.].

Хадис мектебі ретінде қабылданған Мәдина медресесінің фикһтағы көшбасшысы саналған табиғин ғалымы Саид ибн Мусәйяб жайлы Әли ибн әл-Хусейн «Саид ибн Мусәйяб хадисте адамдардың арасындағы ең ғалымы, райда да ең фақиһы еді» деген.

Саид ибн Мусәйябтың шәкірті әрі Имам Мәліктің ұстаздарының бірі Рәбия ибн Әбу Абдуррахман әл-Рәрух райды көп қолданғандықтан, «Рәбиятур-рай» деп аталып кеткен. Міне, асхабул-хадис бола тұра, райды қолданғандықтары білдірілген осы табиғин ғалымдары рай дегенде тікелей фикһты (ислам құқығын) меңзеген. Осы рай өкілдерінің басты ерекшеліктері де олардың мықты әрі терең құқықтанушы болуында еді. Сондықтан, Пәздәуи «Усул» атты кітабының кіріспесінде «Біздің бұрынғы ғалымдарымыз асхабул-хадис және мәани еді» дей келе, ғұламалар мәани (фикһ пен рай) терминін Әбу Ханифа мен оның мәзһабындағылар үшін қолданғанын, сондықтан да олардың асхабур-рай деп аталғанын, рай дегеніміз – фикһ ілімінің бір атауы екенін» айтқан [7; 36-б.]. Яғни, бұл екі топты Хижаз және Ирак аймағымен шектеу дұрыс емес. Мәселен, Рабиатур-рай райшылығымен аты шыққан мүж-

тәхид – мәдиналық, ал райшыларға жаны қас Шағби болса – ирақтық [3; 109-б.].

Бағдади «Рай» терминін көбіне Құран мен хадиске назар аудармастан жасалған жеке көзқарас ретінде танып, әхлур-рай деп әхлус-суннаның тысындағы шектен шыққан бидғатшыларға қолданған. Бұл сол кезеңдегі көптеген хадисшінің ортақ көзқарасы еді. Ал кейбір ғалымдар асхабул-хадис пен райды өз ішінде екіге бөліп: муғтәдил, яғни жұмсақ әрі қатты (радикалдар) деп жіктейді. Бұл жіктеуге сай аят-хадистердің тек тікелей мағынасын алып, сахабалар пәтуасын дәлелге санамаған захирилер асхабул-хадистің радикалды тобына, яғни буквалистерге, ал рай мен хадисті сирек қолданып, үкім шығарар кезде хадиспен қатар сахаба һәм табиғиндердің пәтуаларымен шектелуге тырысқан хадисшілер муғтадил, яғни, жұмсақ топтағыларға жатқызылады. Олардың қатарына Ахмед ибн Ханбәл мен алты хадис жинағын құрастырушы ғалымдар кіреді. Ал асхабур-райдың жұмсақтарына көбінесе Құран мен хадисті негізге ала отырып, осы мәселелерге аса жауапкершілікпен қарап, аят пен хадисте айтылмаған мәселелерде қияс пен рай әдісін қолданып, үкім шығаруға тырысқан имам Әбу Ханифа, Шафиғи, Ибн Әбу Ләйлә, Әузағи, Суфиян әс-Сәури секілді фақиһтер, ал радикалдарына Құранның тысында басқа дәлелді қабылдамағандар жатқызылған. Көріп отырғанымыздай, ханафи мәзһабының құрушысы болып саналатын ғалым имам Әбу Ханифа буквалистерге де, радикалдарға да қосылмаған. Оның дәстүрі бойынша Құран мен сүннет негізге алынып, оларда үкімі айтылмаған мәселелерге қатысты басқа да дәлелдерді қолдана отырып үкім шығарылған және ғалымдардың көпшілігінің ең көп құптаған орта жолы да осы болса керек.

Әдебиеттер

- 1 М. Абу Захра. Абу Ханифа, хаятуху ва асруху, арауху ва фикхуху, «Дарул-фикрил-араби» баспасы. – Каир, 1997.
- 2 Ахмед ибн Ханбал, аль-Муснад, Т.І. – Каир, 1313.
- 3 Х. Караман, Ислам хукукындаиджтиһад. – Анкара, 1975.
- 4 И. Гольдциер, Захирилер, систем ве тарихлери, (түрік тіліне ауд: Ж. Тунч), Анкара университеси илахият факултеси найынлары. – Анкара, 1982.
- 5 Газали, Ихяулулумиддин, Т.І. – Стамбул, т-сіз.
- 6 Калажи, Маусуату фyxхи Ибрахимин-Нахаи, Т.І. – Мекке, 1979.
- 7 И. Хаккы Унал, Имам Ебу Ханифенин хадис анлайышы ве ханефи фyxхынын хадис методу. – Анкара, 1994.
- 8 Шаграни, Мизануль-Кубра, «Дарул-фикр» баспасы, Т.І. – Бейрут, 1995.
- 9 М. ас-Сыбаи. ас-Суннетувамаканатуха фи ташриил-исламиати. – Дамаск, 1978.
- 10 У. Дәхләвий, аль-Инсаф фи баяниАсбабилхитияф, (Түрік тіліне ауд: МұсаХуб) «Йениакадеми» баспасы. – Стамбул, 2006.
- 11 М. Худари, Тарихут-ташригиль-исламии, «Матбаатуль-истикама» баспасы. – Каир, 1939.
- 12 Ибн Қутайба, Маариф, (тахкик С. Уккаша), «Даруль-мариф» баспасы. – Каир, 1981.

13 Ибн Кутайба, Тавиль мухталифил-хадис, (Түрік тіліне ауд.: М. Хайри Кырбашоглы.), «Хадис мудафаасы» баспасы. – Стамбул, 1979.

References

- 1 M. AbuZahra, AbuHanifa, hayatuhuvaasaruhu, arauhuvafikhuhu, Kair, 1997.
- 2 Ahmad ibn Hanbal, al-Musnad, v I., 1313
- 3 H. Karaman, Islam hukukunda ictihad, Ankara, 1975.
- 4 i. Goldziher, Zahiriler, system vetarihleri, (trans. J.Tunc), Ankara, 1982.
- 5 Gazali, Ihyau ulumiddin, v I.
- 6 Kalaci, mausuatu fikhi Ibraimin Nehai, v I, Makkah, 1979.
- 7 I.Hakki Unal, Imam Ebu Hanifenin hadis anlayishi ve haneфи fikhinin hadis metodu, Ankara, 1994.
- 8 Shagrani, Mizanul-kubra, v I, Beyrut, 1995.
- 9 M. As-Sibai, as-Sunnetuvamakanatuha fi tashriil-islamiati, Damask, 1978.
- 10 U. Dahlavi, al-Insaf fi bayaniاسباب-ilhtilaf, (trans. Musa Hub) Istanbul, 2006.
- 11 M. Hudari, Tarihut-tashrigil-islami, Kair, 1939.
- 12 Ibn Kutayba, Maarif, Kair, 1981..
- 13 Ibn Kutayba, Tavitil muhtalifil-hadis, (trans. M.Hayri Kirbashoglu) Istanbul, 1979.